2025 жылғы қаңтар-наурыздағы химия өнеркәсібі

2025 жылғы қаңтар-наурызда ҚР СЖРА ҰСБ жедел деректеріне сәйкес **өндіріс көлемі** құндық мәнде **406,0 млрд. теңгені құрады,** бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда **84,9%** артық.

Химиялық өнім өндірісінде негізгі үлесті өзге бейорганикалық заттар – 47,2%, тыңайтқыштар мен құрамында азот бар заттар – 14,8%, бастапқы нысандардағы пластмассалар – 12,2%, бояғыштар мен пигменттер – 9,3%, өзге де химиялық өнімдер – 4,3%, өнеркәсіптік газдар – 3,7%, басқа негізгі органика – 2,8%, ЛБМ – 2,3%, пестицидтер және өзге де агрохимия – 2,0%, сабын мен жуғыш, тазартқыш және жылтыратқыш заттар– 1,0% құрайды.

Нақты көлем индексі **112,5 %** құрады. Өсудің негізгі себебі негізінен химия және аралас өнеркәсіп салаларында *(ТМК, сусындар өндірісі, құрылыс және т.б.)* тұтынушылық сұраныстың өсуі болып табылады. Заттай мәнде **өндіріс көлемінің ең үлкен өсуін** мынадай тауарлар көрсетеді: бастапқы нысандардағы стирол полимерлері (+71,5%), цементтерге, құрылыс немесе бетон ерітінділеріне арналған қоспалар (52,1%), каустикалық сода (+28,4%), моногидраттағы күкірт қышқылы (+25,7%), хлор (+22,4%), полимерлерге негізделген бояулар мен лактар (+22,2%), тұз қышқылы (+19,0%), хром троксиді (+12,2%), этил спирті (+11,2%), аммиак (+10,4%).

2025 жылғы қаңтар-ақпанда құндық мәнде химиялық өнімнің **экспорты 340,4 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 47,7% жоғары. Экспорттың негізгі елдері: **Ресей** (26,2%), **Қытай** (21,4%).**Бразилия** (7,8%),

Химия өнеркәсібі өнімдерінің **импорты 2025 жылғы қаңтар-ақпанда 639,0 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен 15,4% жоғары. Негізгі импорттаушы елдер: **Ресей** *(35,3%)*, **Қытай** *(16,8%),* **АҚШ** *(5,4%)*.


2025 жылғы қаңтар-ақпанда химиялық өнім түрлері нарығының көлемі **857,6 млн. АҚШ долларын** құрады *(442,0 млрд. теңге)*, бұл 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 28,4% жоғары. Өндірістің өсуімен (+62,2%) және импорт көлемінің ұлғаюымен (+15,4%) бірге нарық көлемінің ұлғаюына экспорттың өсуі (+47,7%), сондай-ақ талданатын кезеңдегі ұлттық валюта бағамының күрт әлсіреуі әсер етті (-14,4%). **ОТӨ үлесі** 8,4 п.т. ұлғайды және **25,5%** құрады. Импорттық өнімнің үлесі 74,5% құрады.

2025 жылғы қаңтар-наурыз айларында химиялық өнім түрлерін өндірісінің ең көп көлемі мынадай **облыстарда** байқалады: ШҚО (30,8%), Жамбыл (21,7%), Атырау (11,7%), Ақтөбе (10,0%), Қарағанды (5,1%), Маңғыстау (4,1%), Павлодар (3,7%), Ақмола (3,2%).

ХИМИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

ЯНВАРЬ-МАРТ 2025

406,0
МЛРД ТГ



112,5%
ИФО

$340,4
МЛН




ЭКСПОРТ




РЫНОК

$639,0
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-февраль 2025 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД. ТЕНГЕ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г.Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz